

**№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының қамқоршылық кеңес мүшелері
отырысының №1 хаттамасынан көшірме**

Алға қаласы

24.09.2025 жыл

Өткізілетін орны: №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес отырысының мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңес төрағасын, мүшелерін сайлау.
3. Қамқоршылық кеңес жоспарымен таныстыру.
4. Кеңес мүшелерінің міндеттерімен бөлісу;

ТЫҢДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Б.Бердібаева «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен және мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібімен таныстырды. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтындығы туралы айта отырып, кеңес жұмысын түсіндірді. Қамқоршылық кеңеске ата-аналар өз еріктерімен мүше бола алады, мекеме педагогтар мүше бола алмайды. Тек қана арнайы өкілдікке келген тұлғалар мен ата-аналар бола алады. Қамқоршылық кеңесті құру үшін білім беру ұйымының әкімшілігіне, мүдделі мемлекеттік органдараға арнайы хат жіберіледі. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 5 (бес) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады. Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейне конференция байланыс режимінде өткізуге жол беріледі. Отырысты өткізу туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып, мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында орналастырады. Отырысты өткізу туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып, мектепке дейінгі ұйымның

интернет-ресурсында орналастырады. Интернет-ресурстағы ақпарат отырыстың өткізілетін күнін, уақытын және орнын қамтиды. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржы жылының қорытындысы бойынша ата-аналар жұртшылығын осы мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қызмет нәтижелері туралы хабардар етеді деп таныстырып, түсіндіріп өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі қамқоршылық кеңес жоспарымен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты балабақшаның мақсат, міндеттерін жүзеге асыруға көмектесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру. Араларыңыздан сайланған қамқоршылық кеңес мүшелері жыл бойы бекітілген осы жылдық жоспар бойынша жұмыс жасайды. Жыл бойына жасалған іс-шаралар жоспары ата-аналар тарапынан бір ауыздан қолдау тапты. Қамқоршылық кеңес төрағасын, мүшелерін сайлау бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы: Алданова Айнамкөз Танымгиреевна; Қамқоршылық кеңес мүшелері: Бекешова Диана Сулейменовна; Хайруллина Нурмира, Жуманова Марал Нарбаевна; Кеңес хатшысы: Қолдауова Ақниет Нұрлыбайқызы;

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. Жоспарда Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру. Қамқоршылық кеңес төрағасын, мүшелерін сайлау. Қамқоршылық кеңес жоспарымен таныстыру. Кеңес мүшелерінің міндеттерімен бөлісу; Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Мемлекеттік сатып алу жоспарын веб порталға орналастыру. 2026 жылға қаржыны жоспарлау іс-шараларына бақылау. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау. Материалдық жағдайымен танысу. МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері. (топтардың дамытушы ортасын толықтыру). Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасына мониторинг жүргізу. Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасына мониторинг жүргізу. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдау есебі. Келесі оқу жылына МДҰ ғимаратын дайындау: Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары: балабақша аймағында спорттық алаңын жабдықтау, барлық топтардың ойын алаңдарын жабдықтау жұмыстарының жүргізілуі.

Соңғы мәселеде қамқоршылық кеңес жоспарындағы жоспарланған жұмыстарды бөлісу ретімен жүргізілді. Кеңес мүшелеріне өздері анықтайтын, бақылайтын шаруаларды бөліп берді. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері төмендегідей бөлінсін: Төраға – кеңес жұмысына жалпы басшылық жасау; Мүшелер – балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен жағдайын жақсартуға атсалысу; Ата-аналармен өзара байланыс орнату.

ШЕШІМ:

1. №355 бұйрықтың талаптары назарға алынсын және басшылыққа алынсын.
2. Қарқоршылық кеңес мүшесі сайлансын, бір ауыздан төраға бекітілсін;
3. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін;
4. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді уақытымен сапалы орындасын;

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



А.Алданова



А.Қолдауова